



БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Бөбек kids» жеке бөбекжайының
менеджменті Г.М.Айткалиева

28.08.2023 жылы бөбекжайда өткен
№1 педагогикалық кеңес шешімімен келісілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған «Еркем-ай» ортанғы тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Тәрбиешілер: Бисегалиева А.Б
Кенжебаева А.Р

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә,) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.
	Математика негіздері	Сан. «Көп» ұғымы туралы түсінікті қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	«Мен» бейнесін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретін сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойындатуындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.
	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрыналынғандағыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгіністер мен жемістер, ыдыс-аяқ), дөңгелек пішінді (шарлар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең сызықтан тұратын заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық кесектерінен бөліп алу, домалату тәсілдерін пайдалана отырып, көгіністер мен жемістерді, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайдаланған бейнені қағазға жапсыру.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	Сөйлеуді дамыту	Дауысты (е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту. Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.
	Көркем әдебиет	Таныскітаптардағы суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Математика негіздері	«Бір» ұғымы туралы түсінік қалыптастыру, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Құрдастарын балалар қоғамының бір мүшесі ретіндесезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойындатуындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.
	Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрыналынғандағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше тік сызықтан тұратын заттарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық кесектерінен ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Қағаз бетінде түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайдаланған бейнені қағазға жапсыру.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор. Балалардың сөздік қорының ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.
	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жана шырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Математика негіздері	Заттарды салыстыру: заттарға қосунемесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынастарының тізімделіп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.
	Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайымсыз балаларға қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолдану.
	Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды үйрету, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. қарама-қарсы мағынадағы сөздерді -антонимдерді енгізу.
	Көркем әдебиет	Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Математика негіздері	Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттардың айырмашылықтары мен атауларын зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.
	Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайымсыз баларға қарап зерттеуге және кірпіштерді өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
	Сурет салу	Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету.
	Мүсіндеу	Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексاز кесектерінен ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.

Білім беру ұйымы **«Бөбек kids» жеке бөбекжайы**

Топ: **«Еркем-ай» ортаңғы тобы**

Балалардың жасы **3 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 оқу жылы қаңтар айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Сөйлеуді дамыту	Затесімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Затесімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойына итуға үйрету. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.
	Көркем әдебиет	Жаңа әңгімелерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Математика негіздері	Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолдану.
	Сурет салу	Қылқаламмен бояуда бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түскесалмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату тәсілі арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар).
	Жапсыру	Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруды табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.

Білім беру ұйымы **«Бөбек kids» жеке бөбекжайы**

Топ: **«Еркем-ай» ортаңғы тобы**

Балалардың жасы **3 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 оқу жылы ақпан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Сөйлеуді дамыту	Дәстүрге байланысты балалармен жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақайтқызу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздермен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
	Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету
	Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында есу, жаңа тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар).
	Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту

Білім беру ұйымы **«Бөбек kids» жеке бөбекжайы**

Топ: **«Еркем-ай» ортаңғы тобы**

Балалардың жасы **3 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 оқу жылы наурыз айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Сөйлеуді дамыту	Затесімдерді жеке, көпше түрде қолдану. Затесімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойына итуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Математика негіздері	Салыстыру нәтижелерін ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең сөздерімен белгілеу. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ой нату.
	Сурет салу	Тұтасқағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл негізгі түстермен олардың реңктерін (қызғылт) қолдану.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуде ағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, уажау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.

Білім беру ұйымы **«Бөбек kids» жеке бөбекжайы**

Топ: **«Еркем-ай» ортаңғы тобы**

Балалардың жасы **3 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 оқу жылы сәуір айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Сөйлеуді дамыту	Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылаудан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойына итуға үйрету. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Математика негіздері	Балаларды дөңгелек пен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарынан анықтау: үстінде-астында.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, ауласы пырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.
	Сурет салу	Тұтасқағаз парағына бейнені орналастыру, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (көгілдір, сұр) қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруде ықпалын қалыптастыру.
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (бүктеу, қатпарлау) қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе жасау.

Білім беру ұйымы **«Бөбек kids» жеке бөбекжайы**

Топ: **«Еркем-ай» ортаңғы тобы**

Балалардың жасы **3 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **2023-2024 оқу жылы мамыр айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Сөйлеуді дамыту	Шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойына ийтуге үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Кейіпкерлердің сипаттауы үшін дауысырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.
	Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтармен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Математика негіздері	Өзінің денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында, оң-сол. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.
	Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.